

Ата-аналар мен 10-14 жас аралығындағы балаларға арналған «Берік отбасы» бағдарламасы

«Берік отбасы» (Ұлыбритания) бағдарламасы Ұлыбританиядағы Оксфорд Брукс университеті жанындағы Денсаулық және әлеуметтік көмек мектебінің қатысуымен әзірленді. Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 2019 жылдан бастап білім береді.

Бағдарламаның мақсаты-позитивті ата-ана болу дағдыларын қалыптастыру, бұл ПБЗ ерте теріс пайдаланудың алдын алу және жасөспірімдер арасында қауіпті мінез-құлық, сондай-ақ берік отбасын құруға қызмет етеді.

" Берік отбасы" бағдарламасына 7 арнайы сессия енгізілді:

- ата-аналарды/қамқоршыларды балаларына тиімді қолдау көрсетуге үйрету;
- балаларға болашаққа оң мотивация беру және олардың ата-аналарына/қамқоршыларына оң көзқарас қалыптастыру;
- жасөспірімдерді күйзеліспен күресуге және құрдастары тарапынан болатын қысымды жеңіп шығуға тәрбиелейді.

Ата -аналар/қамқоршылар мына тақырыптарды талқылайды:



- бұл жастағы балалардың түсінігі қандай?
- ережені қалай дұрыс құрастырып, ұстану керек?
- балалармен қарым-қатынастағы қиындықты қалай шешкен жөн?
- сүйіспеншілік пен қолдауды қалай көрсеткен жөн?

Жасөспірімдер:



- торығу кезінде өз-өзін басқаруды;
- құрдастарының қысымына төтеп беруді;
- ата-анасын/асыраушысын құрметтеуді;
- айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасай білуді үйренеді.

Отбасы мүшелері:



- отбасының беріктігі неде екенін түсінеді;
- қиындықтарды бірге еңсереді.

